Бұл тренингтің нәтижесінде, әрбір қатысушы «мен» және «біз» арасындағы байланысты нығайтып, өз орнын және рөлін топта сезініп, өзара түсіністік пен қолдаудың маңыздылығын түсінді.

Ұсыныс: сынып жетекшісі мен пән мұғалімдеріне оқушылардың көңіл-күйлерін және сыныптағы бір-бірлеріне деген қарым-қатынастарын бақылау.





3. «Менің сезімдерім» Өркен бағдарламасы аясында 1 сынып оқушыларымен тренингі

«Менің сезімдерім» тақырыбы бойынша 1 сынып оқушыларына арналған сынып сағаты/тренинг

Күні: 15-17.10.2025ж

Тақырыбы: «Менің сезімдерім»

Сыныбы: 1 сынып оқушылары

Психологиялық сынып сағатының түрі: тренинг

Мақсаты —Оқушылардың өз сезімдері туралы түсінігін кеңейту, оларды ашық айтуға және дұрыс басқаруға үйрету.

Тренинг барысы:
Тренинг барысында оқушылардың көңіл-күйлерін сұрап, тренинг сағаттың мақсаты мен ережелерін таныстырып өтті.
«Сәлемдесу шеңбері», «Сезімді бейнелеңіз» жаттығуы, «Сөйлемді жалғастыр», Қосымша тиімді әдістер ұсынылады: Қорапты тыныс алу, «Маска» жаттығулары жасалынып, оқушыларға көтеріңкі көңіл-күй мен жақсы атмостфера орнатылды.
«Тыныс алуды тазарту» сенсорлық бөлмесіндегі релаксация жаттығуы жүргізілді.
Қорытынды: «Менің сезімдерім»» тренингі жеке тұлғаның эмоцияларын басқара білуге және топтың үйлесімділігін қалыптастыруға бағытталған ерекше тәжірибе болды. Тренинг соңында оқушылар кері байланыс жасалып, өздерінің алған әсерлерімен бөлісті.
Ұсыныс: сынып жетекшісі мен пән мұғалімдеріне оқушылардың көңіл-күйлерін және сыныптағы бір-бірлеріне деген қарым-қатынастарын бақылау.





4. «Мен өзімді мақтай аламын» Ы. Алтынсарин бағдарламасы аясында 8-сынып оқушылармыен тренинг.
Күні: 21-23.10.2025ж
Тақырыбы: «Мен өімді мақтай аламын»
Сыныбы: 8- сынып оқушылары
Психологиялық сынып сағатының түрі: тренинг
Мақсаты – қатысушылар өздерінің жақсы жақтарын айта отырып, өз өздерінің менің қалыптастыру. Көңіл-күйлерін сұрап, тренинг сағаттың мақсаты мен ережелерін таныстырып өтті.
«Сәлемдесу шеңбері»,«Эмоционалды сөздік» жаттығу, «Мен ашуланған кезде..» жаттығуы,«Ғажайып-кактус» жаттығуы
жаттығулары жасалынып, оқушыларға көтеріңкі көңіл-күй мен жақсы атмостфера орнатылды.
«Тыныс алуды тазарту» сенсорлық бөлмесіндегі релаксация жаттығуы жүргізілді.
Тренинг соңында оқушылар кері байланыс жасалып, өздерінің алған әсерлерімен бөл

Ұсыныс: сынып жетекшісі мен пән мұғалімдеріне оқушылардың көңіл-күйлерін және сыныптағы бір-бірлеріне деген қарым-қатынастарын бақылау.

5. Өркен бағдарламасы аясында «Ашу-ызамен не істеуге болады?» психологиялық сабақ. 9-11сыныптар

«Ашу-ыза билегенде не істеу керек?» Ы.Алтынсарин атындағы «Орта білім беру ұйымдарында кәмелетке толмағандар арасында аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу» бағдарламасын жүзеге асыру аясында 9-11 сыныптар өткізілген психологиялық сабақ

23.11-24.11.2025 жылы «Ашу-ыза билегенде не істеу керек» Ы.Алтынсарин атындағы «Орта білім беру ұйымдарында алдын алу» бағдарламасын жүзеге асыру аясында, оқушылардың өзіне және айналадағы адамдарға зиянкестік жасамай ғана ашу-ызаны қалай игеруге болатындығы туралы, дам өзінің жан дүниесіндегі жағымсыз энергиялар-ашу-ыза, агрессия, көреалмаушылық, табалау, қызғаныштан арылу мақсатында оқушылармн ойын-жаттығулары мен «көрме», «бәтеңкедегі тас» сынды тренингтер өткізілді. «Ашу-ыза билгенде не істеу керек?» тақырыбында түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, жаттығулар жасалынып, ұсыныстар берілді. Балалар бойларын ашу-ыза кернегенде қандай іс-әрекеттер арқылы оны шығаруға болатының игерді.

6. «Өмір керемет» тренингі 11-сынып «Өмір керемет» тақырыбы бойынша 11 «А», «Ә», «Б», «В» сынып оқушыларымен тренинг

Күні: 08.12.2025ж

Тақырыбы: «11-сынып оқушыларының өмірге деген құштарлығын арттыра отырып алдағы емтиханға кіруге деген мотивациясын арттыру»

Баланың ҰБТ-ға дайындығындағы ата-ананың рөлі – бұл ата-ананың өз баласының психологиялық, моральдық және материалдық тұрғыдан Ұлттық бірыңғай тестілеуге дайындалуына ықпал етуі мен қолдау көрсетуін білдіреді.

Психологиялық қолдау:

Баланың бойындағы сенімділікті арттыру, үрей мен уайымның алдын алу, мотивация беру – басты міндеттердің бірі.

Материалдық және ұйымдастырушылық көмек:

Қажетті оқу құралдарын, қосымша сабақтарға қатысу мүмкіндігін қамтамасыз ету, дайындық уақыты мен демалыс режимін реттеуге көмектесу.

Моральдық қолдау және түсіністік:

Балаға сенім білдіру, сынақ нәтижесіне емес, оның еңбегіне баға беру, отбасында жылы және тыныш атмосфера қалыптастыру.

Бақылау және бағыт беру:

Оқу процесін шамадан тыс қысымсыз бақылап, дұрыс жоспар құруға бағыттау. Бүгінгі таңда Ұлттық бірыңғай тестілеу – әр оқушының өміріндегі маңызды кезеңдердің бірі. Бұл сәтте ата-ананың қолдауы мен қамқорлығы ерекше мәнге ие. Ата-ананың рөлі тек баланы бақылаумен шектелмейді, ол ең алдымен психологиялық және моральдық қолдау көрсету болып табылады.

Ата-ана баласының оқуына жағдай жасап, оған сенім білдіру арқылы мотивация береді. Сонымен қатар, үйде жылы, тыныш атмосфера қалыптастырып, баланың дұрыс демалуына және күшін тиімді бөлуіне көмектесуі қажет.

Балаға сынақ нәтижесінен бұрын оның еңбегін бағалап, «сенің қолыңнан бәрі келеді» деген сенім ұялату – табыстың кілті.

7. «Мен ренжідім» Өркен бағдарламасы аясында 6-сыныптармен тренингі.
«Мен-ренжідім» тақырыбы бойынша 6 «Д» сынып оқушыларына арналған сынып сағаты/тренинг
Күні: 09.12.2025ж
Сыныбы: 6 Д сынып оқушылары
Психологиялық сынып сағатының түрі: тренинг
Тренинг барысында оқушылардың көңіл-күйлерін сұрап, тренинг сағаттың мақсаты мен ережелерін таныстырып өтті.
Мақсаты:
Оқушыларға реніш сезімін тануға, өз эмоцияларын дұрыс әрі қауіпсіз түрде білдіруге үйрету, бір-бірін тыңдау мен түсіну дағдыларын дамыту.
Міндеттері:
Реніш деген не екенін түсіндіру;
Өз сезімін сөзбен жеткізе білуге үйрету;
Қарым-қатынаста сыйластық пен эмпатияны қалыптастыру;
Қиын жағдайда сабыр сақтап, мәселені бейбіт жолмен шешу дағдыларын дамыту.
Күтілетін нәтиже:
Тренинг соңында оқушылар өз ренішін түсініп, оны агрессиясыз жеткізе алады, сыныптастарының сезіміне құрметпен қарауды үйренеді және жағымды қарым-қатынас орнатуға қадам жасайды.
«Мен ренжідім» тренингі 6 «Д» сынып оқушыларына арналған. Тренингтің негізгі мақсаты – оқушылардың реніш сезімін түсінуіне, оны дұрыс жеткізе білуіне және өзара қарым-қатынаста сыйластықты сақтауға үйрету. Сабақ барысында оқушылар өз сезімдері туралы ой бөлісіп, бір-бірін тыңдауға, түсінуге және жанжалсыз қарым-қатынас орнатуға дағдыланды. Тренинг балалардың эмоциялық мәдениетін қалыптастыруға, өз мінез-құлқын бақылауға және сыныпта жағымды психологиялық ахуал орнатуға бағытталған.
Қорытындылай келе, «Мен ренжідім» тақырыбындағы тренинг оқушылардың эмоциялық сауаттылығын арттыруға, өз сезімдерін ашық әрі дұрыс білдіруге және өзара түсіністікке негізделген қарым-қатынас орнатуға ықпал етті. Тренинг барысында оқушылар бір-бірін тыңдаудың, сыйластықпен сөйлесудің маңызын түсініп, сыныптағы жағымды психологиялық ахуалды нығайтуға қадам жасады.

8. «Қиын жағдайларда не үйренеміз» тақырыбы бойынша 10 сынып оқушыларына арналған сынып сағаты/тренинг

Іс-шараның атауы: «Қиын жағдайларда не үйренеміз?» тақырыбындағы сынып сағаты (тренинг)
Өткізілген күні: 19.01.2026ж
Сыныбы: 11-сынып

19-20.01.2026жылы 11-сынып оқушыларымен «Қиын жағдайларда не үйренеміз?» тақырыбында сынып сағаты (тренинг) өткізілді.

Іс-шараның мақсаты – оқушыларға қиын жағдайлардың адам өміріндегі маңызын түсіндіру, күйзеліске төзімділікті қалыптастыру, өмірлік дағдыларын дамыту және проблемалық жағдаяттарды тиімді шешу жолдарын үйрету.

Сабақ барысында оқушыларға қиын жағдайлардың түрлері, күйзелістің пайда болу себептері және оны жеңудің тиімді тәсілдері туралы ақпарат берілді. Топтық жұмыс, жағдаяттық тапсырмалар және рефлексиялық жаттығулар ұйымдастырылды. Қатысушылар қиындықтарды шешу жолдарын талдап, өз тәжірибелерімен бөлісті.

Тренинг барысында оқушылар белсенділік танытып, өз ойларын ашық жеткізді. Көпшілік оқушылар қиын жағдайлардың тұлғалық дамуға әсер ететінін түсініп, сабырлылық, қолдау сұрау және өзін-өзі реттеу дағдыларының маңыздылығын атап өтті.

Қорытынды: Іс-шара мақсатына жетті. Оқушылардың эмоционалдық тұрақтылығын дамытуға және өмірлік қиындықтарға конструктивті көзқарас қалыптастыруға бағытталған жұмыс жүргізілді.






9. «Мен өмірді таңдаймын» тақырыбы бойынша 8 сынып оқушыларымен тренин
Күні: 12.12.19
Тақырыбы: «Мен өмірді таңдаймын?».
Мақсаты: Өмір сүрудің мәнін түсіндіру. Құштарлықтарын арттыру.

Тренинг барысында « Мен кіммін, қандаймын » әдісі арқылы әр қатысушы өздерінің бойындағы жағымды, жағымсыз қасиеттерін жазды.
«Менің жан жақты ерекшеліктерім» жаттығуында оқушылар өз мінезін айтып, сынып оқушылары талдады. Бойындағы ерекше қасиеттерін айтты. Тренингте белсенділік көрсеткен болды.

«Сымсыз телефон» барлық балалар шеңбер бойында тұрып. Бірінші тұрған оқушыға құлағына сыбырлап әр түрлі сөздер айтты.. Ол оқушы әрі қарай келесі оқушыға естігенін айтады, ең соңғы қалған оқушы естігенін дауыстап айтты. Ойын бірнеше рет жалғасты. Оқушылардың көңілдері көтеріліп қалды.

Қорытынды: Тренинг уақыты 40 минут болды. Барлық оқушылар белсенді қатысты. Оқушылар тренинг соңында өз ойларымен бөлісті. Оқушылардың ұсыныстары алдағы уақытта: махаббат, достық, әдепті сөйлеу, қызықты ойындар тақырыптарында тренинг өтсе екен деген өтініш болды.








10. Менің болашақ мамандығым тақырыбы бойынша 9-сынып оқушыларымен тренинг
(9-сынып оқушыларына тренинг)
Күні:21.01.2026 ж.
Қатысушы сыныптар: 9 А,Ә,Б,В,Г,Ғ
Тақырыбы: «Менің болашақ мамандығым»
Мақсаты:Оқушылардың болашақ мамандыққа деген қызығушылығын арттыру, өз қабілеттері мен қызығушылықтарын тануға көмектесу, мамандық таңдауда саналы шешім қабылдауға бағыт беру.
Міндеттері:
– Оқушылардың өз мүмкіндіктерін бағалай білуіне ықпал ету;
– Мамандықтар әлемі туралы түсінігін кеңейту;
– Өзін-өзі тану және болашаққа мақсат қоя білу дағдыларын дамыту.
Оқушылармен сәлемдесу, жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру.
«Шаттық шеңбері» арқылы әр оқушы болашақта кім болғысы келетінін бір сөзбен айтты.
– «Мамандықтар әлемі» тақырыбында әңгіме жүргізілді;
– «Менің қызығушылығым мен қабілетім» атты шағын тапсырма орындалды;
– Оқушылар өз армандаған мамандығын, оған жету жолдарын айтып бөлісті;
– Мамандық таңдауда қабілет, қызығушылық және еңбек нарығының маңыздылығы түсіндірілді.

«Болашақтағы мен» жаттығуы.
Оқушылар өз болашақ мамандығын суреттеу немесе жазбаша түрде сипаттау арқылы көрсетті.
Сабақ соңында оқушылар алған әсерлерімен бөлісті. Болашаққа нақты мақсат қоюдың маңыздылығы айтылып, мамандық таңдауда өзіне сену қажеттілігі атап өтілді.

Қорытынды:
Сабақ барысында оқушылар белсенділік танытты. Көпшілігі өз болашақ мамандығы туралы ойларын ашық жеткізе алды. Оқушылардың мамандыққа деген қызығушылығы артқаны байқалды.

Ұсыныс:
– Оқушылармен мамандыққа бағыттау жұмыстарын жүйелі түрде жалғастыру;
– Қажет болған жағдайда жеке кеңес беру;
– Қызығушылық пен қабілетті анықтауға арналған сауалнамалар жүргізу.






12. «Қарым-қатынас мәдениеті» тақырыбы бойынша 3 сынып оқушыларына арналған сынып сағаты/тренинг

Іс-шараның атауы: «Қарым-қатынас мәдениеті» тақырыбындағы сынып сағаты (тренинг)
Өткізілгенкүні:17.02.2026ж
Сыныбы: 3-сынып

Оқушылардың бір-бірімен дұрыс қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру, әдепті сөйлеу мәдениетін дамыту, сыйластық пен достыққа тәрбиелеу.

- Оқушыларға қарым-қатынастың маңызын түсіндіру;
- Әдепті сөздерді қолдануға үйрету;
- Бір-бірін тыңдау, түсіну, құрметтеу дағдыларын дамыту;
- Ұжымда жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру.

Оқушылармен амандасу, тренинг ережелерімен таныстыру:

- Бір-бірін тыңдау
- Сөзді бөлмеу

- Сыйластық сақтау
- Белсенді қатысу

Оқушылар шеңберге тұрып, бір-біріне жылы сөздер айтты.
Мақсаты: жағымды көңіл күй қалыптастыру, сенімді атмосфера орнату.

Қарым-қатынасқа байланысты түрлі жағдаяттар ұсынылды.
Оқушылар дұрыс және бұрыс әрекеттерді ажыратып, өз пікірлерін білдірді.

Оқушылар бір-біріне жағымды сөздер айтып, жақсы қасиеттерін атады.
Мақсаты: өзін-өзі бағалауды көтеру, достық қарым-қатынасты нығайту.

Қорытынды бөлім

Оқушылар тренингтен алған әсерлерімен бөлісті.
«Қарым-қатынас мәдениеті дегеніміз не?» деген сұраққа жауап беріп, өз ойларын айтты.

Тренинг барысында оқушылар:

- Әдепті сөйлеудің маңызын түсінді;
- Бір-бірін тыңдау дағдыларын көрсетті;
- Сыйластық пен достық қарым-қатынастың қажеттігін ұғынды;
- Белсенділік танытты.

Жалпы психологиялық ахуал жағымды болды. Оқушылар тренингке қызығушылықпен қатысты.

Қорытынды: Тренинг мақсатына жетті. Оқушылардың қарым-қатынас мәдениеті туралы түсініктері кеңейді. Алдағы уақытта осындай дамытушы тренингтерді жалғастыру ұсынылады.







13. «Толеранттылық деген не?» тренинг
Күні: 04.05.2026ж
Сыныбы: 6 сыныптар
Психологиялық сынып сағатының түрі: тренинг
Іс-шара тақырыбы: «Толеранттылық деген не?»

- Оқушыларға «толеранттылық» ұғымын түсіндіру, оның адамгершілік құндылық ретіндегі маңызын ұғындыру;
- Сынып ішіндегі достық қарым-қатынасты нығайту, өзгелердің пікірі мен ерекшеліктерін құрметтеуге баулу;
- Эмпатия (өзгелердің сезімін түсіну) қабілетін дамыту және агрессияның алдын алу.


Тренинг келесі кезеңдерден тұрды:

1. **«Жылы лебіз» танысу жаттығуы:** Оқушылар бір-біріне жақсы қасиеттерін айту арқылы жағымды психологиялық ахуал орнатты.
2. **«Толеранттылық гүлі» әдісі:** Оқушылар топқа бөлініп, толерантты адамға тән қасиеттерді (кешірімділік, шыдамдылық, қайырымдылық, сыйластық) гүл күлтесіне жазып, қорғады.
3. **«Біз әртүрліміз, бірақ біргеміз» жаттығуы:** Оқушылар өздерінің бір-бірінен айырмашылығы мен ұқсастығын талдап, әр адамның бірегей екенін түсінді.
4. **Рефлексия:** Тренинг соңында оқушылар «кері байланыс парақтарын» толтырып, сабақтан алған әсерлерімен бөлісті.

Тренинг барысында оқушылар белсенділік танытты. Топтық жұмыстар арқылы оқушылардың бір-бірін тыңдау, ортақ шешімге келу дағдылары байқалды.

- **Жетістіктер:** Оқушылардың 90%-ы «толеранттылық» ұғымының мәнін толық түсінген. Сынып ішіндегі кикілжіңдерді бейбіт жолмен шешуге деген қызығушылықтары артты.
- **Ұсыныстар:** Сынып жетекшісіне оқушылар арасындағы достық қарым-қатынасты ары қарай қолдау үшін сынып сағаттарында осы тақырыпты жалғастыру ұсынылады.







14. «Өмірлік мақсаттарды белгілеу мен оларға жету дағдыларын дамыту» сабақ

Іс-шараның атауы: «Өмірлік мақсаттарды белгілеу мен оларға жету дағдыларын дамыту»сабақ
Өткізілгенкүні:19.03.2026ж
Сынып: 9-сынып (жасөспірімдік кезең, кәсіби бағдар алу алдындағы кезең).
Сабақтың мақсаты: Оқушыларға мақсат қоюдың маңыздылығын түсіндіру, SMART технологиясы арқылы мақсаттарды нақтылауды үйрету және оған жету жолындағы іс-әрекеттерді жоспарлау дағдыларын қалыптастыру.
Сабақ барысында келесі бағыттар бойынша жұмыс жүргізіледі:

- **Арман мен мақсаттың айырмашылығы:** Арманның абстрактілі ұғым екенін, ал мақсаттың белгілі бір уақыт пен нәтижеге негізделген әрекет екенін түсіну.
- **SMART форматы:** Мақсаттың бес критерийге сай болуын талдау:
    1. **S (Specific)** – Нақтылық.
    2. **M (Measurable)** – Өлшемділік.
    3. **A (Achievable)** – Қолжетімділік.
    4. **R (Relevant)** – Маңыздылық.
    5. **T (Time-bound)** – Уақытпен шектелу.
- **Тайм-менеджмент (Уақытты басқару):** Мақсатқа жету жолында күнделікті жоспар құру және басымдықтарды белгілеу (Эйзенхауэр матрицасы немесе «Құрбақаны жеу» әдісі).

Сабақ соңында оқушыларда келесі **soft skills** (икемді дағдылар) дамиды:

1. **Өзін-өзі реттеу:** Өз мүмкіндіктерін объективті бағалау.
2. **Снириғи ойлау:** Кедергілерді алдын ала болжау және оларды шешу жолдарын іздеу.
3. **Жауапкершілік:** Өз болашағына, таңдаған мамандығына және оқу үлгеріміне саналы түрде қарау.

«9-сынып оқушылары өздерінің қысқа мерзімді (тоқсандық, жылдық) және ұзақ мерзімді (мамандық таңдау, оқуға түсу) мақсаттарын жүйелеп, оларды іске асырудың қадамдық картасын сыза біледі.»

Пайдалы кеңес (Мұғалімге):

9-сынып оқушылары үшін бұл сабақтың **кәсіби бағдар берумен** (Қай колледжге немесе 10-сыныпқа бару) тығыз байланысты болғаны абзал. Сабақ соңында әр оқушы «Менің болашаққа хатым» немесе «Жетістік картасы» сияқты практикалық жұмыс орындаса, тиімділігі жоғары болады.





15. «Буллинг, кибербулинг» ақпараттандыру

«Буллинг, кибербуллинг» ақпараттандыру жұмыстары

Күні: 06.04.2026ж
Сыныбы: 5 сынып оқушылары
Тақырыбы: «Буллинг, кибербуллинг»
Мақсаты: Оқушыларға буллинг және кибербуллинг туралы түсінік беру, оның зияны мен салдарын түсіндіру, өздерін және өзгелерді қорғау дағдыларын қалыптастыру.
Сабақ барысы:Сабақ барысында оқушыларға буллинг (қорқыту, мазақтау, кемсіту) және кибербуллинг (әлеуметтік желілер арқылы қорлау) туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді.
Оқушылармен бірге буллингтің түрлері, себептері және оның адам психологиясына тигізетін кері әсері талқыланды.
Сонымен қатар, нақты мысалдар келтіріліп, жағдаяттық тапсырмалар арқылы оқушылар өз ойларын ортаға салды. Оқушыларға буллинг жағдайында не істеу керектігі (сенімді ересекке айту, жауап бермеу, дәлел сақтау) түсіндірілді.
Кибербуллингтің алдын алу мақсатында интернетте қауіпсіздік ережелері айтылды.
Қорытынды:
Сабақ соңында оқушылар буллинг пен кибербуллингтің зиянын түсініп, ондай жағдайларда дұрыс әрекет ету жолдарын меңгерді. Оқушылар белсенділік танытып, өз пікірлерімен бөлісті.
Ұсыныс:
- Оқушыларға тұрақты түрде психологиялық қолдау көрсету
- Сынып жетекшісімен бірлескен алдын алу жұмыстарын жалғастыру
- Ата-аналармен түсіндіру жұмыстарын жүргізу

Оқушылармен жұмыс барысынан:





16. «Сезім және эмоциялар» тақырыбы бойынша 6 сынып оқушыларына арналған сынып сағаты/тренинг
Іс-шараның атауы: «Сезім және эмоциялар» тақырыбындағы сынып сағаты (тренинг)
Өткізілгенкүні:09.04.2026ж
Сыныбы: 6-сынып

Мақсаты:
Оқушыларға сезім мен эмоция ұғымдарын түсіндіру, өз эмоцияларын тану және дұрыс жеткізу дағдыларын қалыптастыру.

- Сезім мен эмоцияның айырмашылығын түсіндіру;
- Жағымды және жағымсыз эмоцияларды ажыратуға үйрету;
- Эмоцияларды басқару тәсілдерін көрсету;
- Өзін-өзі реттеу дағдыларын дамыту.

Оқушылармен амандасу, жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру.
Сабақ ережелері белгіленді:

- Бір-бірін тыңдау
- Сөзді бөлмеу
- Өз ойын еркін айту
- Құпиялылық сақтау

«Көңіл-күй шкаласы» жаттығуы

Оқушылар өздерінің қазіргі көңіл-күйлерін смайлик немесе түстер арқылы көрсетті.
Мақсаты: эмоционалдық жағдайды анықтау.

Оқушыларға сезім мен эмоция туралы түсінік берілді.

Эмоция – адамның белгілі бір жағдайға қатысты жедел реакциясы (қуаныш, ашу, қорқыныш).
Сезім – ұзақ уақыт сақталатын тұрақты күй (достық, махаббат, сенім).

Жағымды эмоциялар: қуаныш, мақтаныш, қызығушылық.
Жағымсыз эмоциялар: ашу, реніш, қорқыныш, уайым.

«Эмоцияны таны» ойыны

Оқушыларға түрлі эмоция бейнеленген суреттер көрсетіліп, олар қандай эмоция екенін анықтады және сол жағдайды сипаттады.

«Мен ашулансам не істеймін?» жаттығуы

Оқушылар эмоцияларды басқару жолдарын ұсынды:

- Терең тыныс алу
- 10-ға дейін санау
- Спортпен айналысу
- Сенімді адаммен сөйлесу

Рефлексия

Оқушылар бүгінгі сабақтан не түсінгенін, қандай жаңа мәлімет алғанын айтты. «Мен бүгін білдім…», «Мен енді…» сөйлемдерін аяқтау арқылы ой бөлісті.

Сынып сағаты барысында оқушылар:

- Сезім мен эмоция ұғымдарын ажырата алды;
- Өз эмоцияларын атауға және сипаттауға үйренді;
- Жағымсыз эмоцияларды басқару тәсілдерімен танысты;
- Сабаққа белсенді қатысты.

Психологиялық ахуал жағымды болды, оқушылар ашық пікір білдірді.

Қорытынды: Сынып сағаты мақсатына жетті. Оқушылардың эмоционалдық сауаттылығы артты. Алдағы уақытта эмоцияларды реттеу және өзін-өзі басқару тақырыптарында қосымша жаттығулар өткізу ұсынылады.





17. «Барлығы сенің қолыңда» 11-сынып оқушыларымен психологиялық тренинг
«Барлығы сенің қолында»
(11-сынып оқушыларына тренинг)

Қатысушылар: 11-сынып оқушылары
Күні:13.05.2026
Тренинг мақсаты: 11-сынып оқушыларына алдағы емтиханға психологиялық қолдау көрсету, өз күшіне сенімділігін арттыру, мотивация беру және күйзелісті азайту.
Тренинг барысы: Тренинг барысында оқушылармен психологиялық ахуал қалыптастыру мақсатында түрлі сергіту жаттығулары өткізілді. Оқушылар бір-біріне жылы лебіздерін білдіріп, жағымды атмосфера орнатты. «Бәрі өз қолында» тақырыбында оқушыларға адамның жетістікке жетуі өзіне, өз мақсатына деген сеніміне байланысты екендігі түсіндірілді. Сонымен қатар емтихан алдындағы

қобалжуды жеңу, уақытты тиімді пайдалану және өз мүмкіндіктерін дұрыс бағалау туралы кеңестер берілді. Сонымен қатар ішкі мазасыздық пен жағымсыз эмоцияларды сыртқа шығару мақсатында пластилинмен жұмыс ұйымдастырылды. Оқушылар пластилинді уқалау, қысу, ұру арқылы бойларындағы қобалжу мен стрессті шығарып, эмоционалдық жеңілдік сезінді. Бұл жаттығу оқушылардың ішкі қысымын азайтуға және көңіл-күйін көтеруге ықпал етті.

Тренингте келесі жұмыстар жүргізілді:

- «Менің мақсатым» жаттығуы;
- Сенімділікті арттыруға арналған тапсырмалар;
- Күйзелісті төмендетуге арналған тыныс алу жаттығулары;
- Пікір алмасу және мотивациялық әңгіме.

Оқушылар тренингке белсенді қатысып, өз ойларымен бөлісті. Тренинг соңында оқушыларға жақсы көңіл-күй сыйланып, алдағы емтиханға сеніммен баруға мотивация берілді.

Қорытынды: Тренинг өз мақсатына жетті. Оқушылар емтиханға деген жағымды көзқарас қалыптастырып, өздеріне деген сенімділіктерін арттырды.





18. Кеңес беру, жаттығулар. Бақылауды қажет ететін оқушылармен дамыту жұмыстары.

Оқушылардың әлеуметтік-психологиялық құзыреттілігін арттыру, өзін-өзі реттеу және стреске төзімділік дағдыларын дамыту мақсатында арнайы тренингтер ұйымдастырылды.

- **Тақырыптар:** *«Ашу-ыза кернегенде», «Эмоцияны басқару өнері», «Құндылықтар әлемі», «Төзімділік (толеранттылық) – достық кепілі».*
- **Нәтижесі:** Тренингтер барысында оқушылар агрессияны сындарлы жолмен шығаруды, дау-жанжалдарды бейбіт шешуді және топта жұмыс істеуді үйренді. Арт-терапиялық элементтер оқушылардың ішкі кернеуін түсіруге оң ықпал етті.

Оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру және жауапкершілікті сезіндіру мақсатында олар мектептегі **Құқықбұзылушылықтың алдын алу кеңесінің отырыстарына** қатыстырылды.

- **Нәтижесі:** Заң мен мектеп Жарғысын бұзудың салдары туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Отырыстар оқушыларға тәртіп бұзушылықтың соңы заңдық жауапкершілікке әкелетінін түсінуге және өздеріне сырт көзбен қарап, қорытынды шығаруға үлкен септігін тигізді.

Буллинг және кибербуллингтің алдын алу, қиын жағдайдағы оқушыларға қолдау көрсету жұмыстары

Мектепішілік есептегі оқушылардың арасында агрессия деңгейін төмендету, құрдастарымен қарым-қатынасты сауықтыру және тұлғааралық қақтығыстардың алдын алу мақсатында буллинг пен кибербуллинг тақырыбында мақсатты жұмыстар жүргізілді.

- **Жүргізілген жұмыс түрлері:** Оқушылармен *«Буллинг, киббербулинг»*, *«ДосболLIKE»* тақырыптарында интерактивті әңгімелесулер мен психологиялық кеңестер берілді. Отырыстар мен жеке кеңестер барысында мектеп қабырғасында немесе әлеуметтік желілерде (WhatsApp, Instagram, TikTok және т.б.) басқа оқушыларды балағаттау, шеттету, суреттерін рұқсатсыз тарату және қорқыту әрекеттерінің құқықтық әрі психологиялық салдары түсіндірілді.
- **Анықталған нәтижелер:**

Проективті әдістемелер мен сырттай бақылау қорытындысы бойынша, есептегі кейбір оқушылардың өзіне назар аударту немесе ішкі комплекстерін жасыру мақсатында буллингке (агрессияға) бейімділік танытатыны нақтыланды. Түзету жұмыстарының нәтижесінде оқушыларда эмпатия (өзге адамның сезімін түсіну), интернетті қауіпсіз пайдалану және кибербуллингке тап болған жағдайда ересектерден көмек сұрау дағдылары қалыптасты. Оқушылардың виртуалды және шынайы өмірде бір-біріне деген толеранттылық (төзімділік) деңгейі артып, сынып ішіндегі эмоционалдық климаттың жақсаруына оң ықпал етті.

Жалпы қорытынды және ұсыныстар:

Жүргізілген кешенді (жекелей және топтық) психологиялық-педагогикалық жұмыстардың нәтижесінде мектепішілік есептегі оқушылардың мінез-құлқында оң өзгерістер байқалады. Мектептің ішкі тәртіп ережелерін бұзу деңгейі төмендеп, сабаққа қатысу көрсеткіші жақсарды. Оқушылар өз іс-әрекеттеріне саналы түрде баға бере бастады.

Болашаққа ұсыныстар:

1. Оқушылармен жеке түзету жұмыстарын келесі тоқсанда да жалғастыру.
2. Сабақтан тыс уақытта оқушылардың қызығушылықтары бойынша үйірмелер мен спорттық секцияларға тартылуын бақылауда ұстау.

3. Оқушылардың ата-аналарымен бала тәрбиесіндегі бірлескен іс-қимылдарды күшейту, консультациялық қолдау көрсету.











III. Алдын алу және ағартушылық бағыты бойынша жүргізілген жұмыстар.
1.Сенім жәшігі туралы ақпараттандыру жұмыстары жүргізілді.

Оқушыларға кез-келген қиын жағдайда сенім телефонына хабарласуға және сенім жәшігіне хабар қалдыруға болатындығы туралы айтылды. Сенім жәшігін мектептің комиссия мүшелері ашып, танысып отырады.

Кәмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуы туралы фактілерді бүркемеленген түрде беру мүмкіндіктерін қамтамасыз ету үшін мектепте сенім жәшігі орнатылды.

Сенім жәшігіне келіп түскен мәліметтерді есепке алу және алдын-ала өңдеу жұмыстарын жүзеге асыратын жауапты маман болып мектеп педагог-психологтері Мұстаяпова Гүлжайна және Каиркенова Гулдана бекітілді, азаматтардың сенім жәшігіне келіп түскен өтініштерін уақытылы және сапалы қарастырылуына бақылау жүргізілуде.

«Сенім жәшігін» ашу, мәселелерін қарау үшін комиссия құрамы төменде көрсетілген қызметкерлермен құрылды:

Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарлары: Токишева Т.Ғ.,Турдиева Н.Н.,Өскенова А.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары: Жанакова А.К., Жексинбин Е.Т.

Мектеп психологтары: Мұстаяпова Г.,Каиркенова Г.

Әлеуметтік педагог: Кисаков А.А.

Әр тоқсан сайын “Сенім телефоны және Сенім жәшігі” туралы оқушылар мен ата-аналарға толық ақпарат беріледі.

“Сенім жәшігін” 26 қыркүйек айында ашылды, ешқандай шағым, ұсыныс және сұраныстар түскен жоқ.





2. Бірінші сынып оқушыларының сәтті бейімделуіне сәтті жағдай жасау бойынша

«Бірінші сынып оқушыларының сәтті бейімделуіне жағдай жасау» тақырыбы бойынша 1 сынып педагогтеріне арналған дәріс-тренинг

Күні: 25.09.2025ж
Сыныбы: 1 сынып педагогтері

Психологиялық сынып сағатының түрі: тренинг

Мақсаты: 1-сынып оқушыларының мектеп өміріне сәтті бейімделуін қамтамасыз ету мақсатында сынып жетекшілердің психологиялық және педагогикалық құзыреттіліктерін арттыру, тиімді әдіс-тәсілдермен таныстыру.

Міндеттері:

- Оқушылардың бейімделу кезеңіндегі психологиялық ерекшеліктерін түсіндіру;
- Жаңа ортаға бейімделу кезінде кездесетін қиындықтарды анықтау және алдын алу жолдарын көрсету;
- Сынып жетекшілерді қолдау және оқушылармен қарым-қатынастың оң әдістерін дамыту.

Қыркүйек айының 25-ші жұлдызында мұғалімдерге 1-сынып оқушыларының сәтті бейімделуіне жағдай жасау тақырыбында дәріс-тренингі өткізілді.

1-сынып оқушыларының мектепке бейімделу кезеңі – бұл олардың жаңа әлеуметтік рөлді игеруі мен оқу іс-әрекетіне дағдылану процесі. Бұл кезеңде баланың эмоциялық жағдайы тұрақсыз болуы мүмкін, сондықтан сынып жетекшінің қолдауы аса маңызды.

Сәтті бейімделудің көрсеткіштері:

- Баланың мектепке қуана баруы;
- Құрдастарымен және мұғаліммен сенімді қарым-қатынас орнатуы;
- Оқу тапсырмаларын орындауға қызығушылығының артуы;
- Психологиялық жайлылық сезімінің қалыптасуы.

Тренинг барысында ата-аналар «Мен – бірінші сынып оқушысының көзімен» эмпатия жаттығуын жасады. Сынып жетекшілер өздерін бірінші сынып оқушысының орнына қойып, сезімдерін сипаттайды. Үштік ортаны жақсы қалыптастыру мақсатында «Сенімді қарым-қатынас көпірі» (топтық жаттығу) түрін жасап, ойларымен бөлісті.

Мұғалім мен оқушы арасындағы сенім мен жылы қатынастың маңызын көрсету мақсатында түрлі жағдаяттарды талдау жүзеге асты.

– Оқушы мектепке келгісі келмейді, не істеу керек?

– Ата-аналармен байланыс әлсіз болса, сынып жетекші қандай шара қолданады?

т.б осындай жағдаяттарды талқылады.

Ұсыныстар:

- Әр баланың эмоционалды жағдайына назар аудару;
- Жаңа ортаға біртіндеп бейімделу үшін ойын және шығармашылық әдістерді пайдалану;
- Баланың жетістігін үнемі мадақтау;
- Ата-аналармен тығыз байланыс орнату;
- Мектеп ұжымында қолайлы психологиялық климат қалыптастыру.

Қорытынды:

1-сынып оқушыларының сәтті бейімделуі – тек баланың емес, ата-ана мен мұғалімнің де бірлескен еңбегі. Сынып жетекшінің басты міндеті – баланың мектепке қызығушылығын арттырып, өзін қауіпсіз, сенімді сезінуіне жағдай жасау.





3.«Бірінші сынып оқушыларына бейімделу» жадынама бойынша 1-сынып оқушыларының ата-аналарына бейімделу бойынша жадынамалар таратылып, таныстырылды.

Бірінші сынып оқушыларының ата-аналарына арналған жадынама

* Баланы таңертең итермеңіз, ұсақ - түйектерге тартпаңыз, асықпаңыз, уақытты есептей білу-сіздің міндетіңіз.
* Ешбір жағдайда бір нәрсе туралы ескертіп, қоштаспаңыз. Балаңызға сәттілік тілеңіз, оны жігерлендіріңіз.
* "Бүгін не алдыңыз?"». Баланы тыныш қарсы алыңыз, сұрақ қоймаңыз, демалуға мүмкіндік беріңіз.
* Егер бала тым мүйізді болса, сізбен бөліскісі келсе - оны өшірмеңіз, кейінге қалдырмаңыз, бұл көп уақытты қажет етпейді.
* Баланы тыныш оятыңыз. Оянған кезде ол сіздің күлімсіреуіңізді көріп, нәзік дауысты естуі керек. * Егер сіз баланың ренжігенін, бірақ үнсіз екенін көрсеңіз, оны аяқтамаңыз, содан кейін ол бәрін өзі айтады.
* Мұғалімнің ескертулерін тыңдағаннан кейін, бүлік шығаруға асықпаңыз. Әңгімеңізді баласыз өткізуге тырысыңыз. Екі жағын да тыңдаңыз-бұл жағдайды нақты түсінуге көмектеседі.
* Мектептен кейін баланы сабаққа отыруға асықпаңыз - сізге 2-3 сағат демалу керек (1,5 сағат ұйқы).

4.Орта буынға өту кезінде бесінші сынып оқушыларының сәтті бейімделуіне жағдай жасау бойынша 5-сынып жетекшілерімен бірлескен дөңгелек үстел болды. Бейімделу, бейімделудегі қиындықтар бойынша мектеп психологы М.Б.Гүлжайна ұстаз айтта өтті. Сынып жетекшілер тарапынан сұрақтарға жауап беріп, кеңестер берілді.

5.Жалпы мектептік және сыныптық ата-аналар жиналыстарында сөз сөйлеу.
Өткізілген күні: 22.09.2025ж

"Мектеп пен отбасы :адал және жауапты азаматты тәрбиелеудегі өзара ынтымақтастық"тақырыбындағы ата-аналар жиналысы өтті.
Күн тәртібі: . Кіріспе сөз. Мектеп директоры Ж.К.Балдекова
Мектептің жаңа жарғысы туралы ДОІЖО Г.Е.Токишева
2025-2026 оқу жылының жоспары Н.Н.Турдиева
Мектептің ішкі ережесі және мектеп формасы ДТІЖО А.К.Жанакова
2025-2026 оқу жылындағы мектептегі үйірме жұмыстары ДТІЖО А.К.Жанакова

«Білім беру ұйымдарындағы психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің жұмыс істеу қағидалары» мектеп психологі Г.Б.Мустаяпова
Әртүрлі мәселелер:
Тыңдалды:
Күн тәртібіндегі мәселе бойынша мектеп директорыю№№жд сөз алып жаңв оқу жылының басталуымен құттықтап ,жетістіктер мен жаңалықтар туралы атап өтті. Отбасы – баланың тұлғалық қасиеттерін қалыптастырудың басты ортасы және мектеппен бірлесе отырып адал әрі жауапты азаматты тәрбиелеуде өзара бірлесе отырып,жұмыс дасауды атап өтті.
Күн тәртібінің екінші мәселесі бойынша Г.Е.Токишева сөз алып мектептің жаңа жарғысы туралы түсіндіріп өтті.2025-2026 оқу жылының жоспарымен Н.Н.Турдиева ақпарат беріп толық түсіндіріп атап өтті.Ата-аналар тарапынын қойылған сұрақтарға жауап берілді.Жаңа оқу жылындағы лицей сыныптары туралы да айтылып өтілді. Мектептің ішкі ережесі және мектеп формасы 2025-2026 оқу жылындағы мектептегі үйірмелері туралы А.К.Жанакова ақпарат беріп,мектептегі үйірмелермен таныстырып ата-аналар тарапынан қойылған сұрақтарға толығымен жауап берілді.

Педагогикалық қолдау қызметінің психологі Г.Б.Мустаяпова ата-аналармен тренинг жүргізіп,психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді өткізу туралы мектеп оқушыларының ата-аналарды немесе өзге де заңды өкілдеріне хабардар ету, **о**қу жылының басында баланың мектепке сәтті бейімделуінқолдау қажет екендігін айтып және бірлесіп жұмыс жасауға шақырды.


- **Шешім:**
- Отбасылық құндылықтарды және адал азамат тәрбиелеуде арнайы сынып сағаттарын өткізу.
- Әке мен ананың бала тәрбиесіндегі рөлін күшейту бойынша ата-аналарға семинарлар ұйымдастыру.
- Балалардың мінез-құлқын бақылап, оларды моральдық және психологиялық тұрғыдан қолдау.
- Қосымша білім беру туралы ,үйірме жұмыстарымен тағыда жұмыс жасау





6.«Эмоционалды интелектіні дамыту» тақырыбында жас мамандармен тренинг жүргізілді.
Күні:20.10.2025ж
Мақсаты: Жас мамандардың өз эмоцияларын түсіну, басқару және басқа адамдардың сезімдерін тану қабілеттерін дамыту арқылы тиімді қарым-қатынас орнату, командада жұмыс істеу және кәсіби ортада эмоционалды тұрақтылықты арттыру.
Негізгі міндеттері:
Эмоционалды интелект ұғымымен және оның компоненттерімен таныстыру.
Өзін-өзі тану мен өзін-өзі басқару дағдыларын қалыптастыру.
Эмпатия мен әлеуметтік қарым-қатынас дағдыларын дамыту.
Жұмыс барысында күйзеліс пен эмоциялық қажуды алдын алу жолдарын үйрету.
Тренингтің барысы:Тренинг барысында жас мамандардың көңіл-күйлерін сұрап, тренинг мақсаты мен ережелерін таныстырып өттілді.
«Жас мамандардың эмоционалды интелектісін дамыту» тренингі — бұл жас мамандардың өз эмоцияларын түсіну, басқару және өзгелердің эмоцияларын дұрыс қабылдау дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.
Тренинг барысында қатысушылар теориялық білімді тәжірибелік «3 сөзбен танысу», «Эмпатия айнасы», «Эмоция күнделігі », «Мен-хабарламасы» «Қақтығысты шешу» жаттығулары жасалынып, педагогтар көтеріңкі көңіл-күй мен жақсы атмосфера орнатылды. Негізгі мақсат — кәсіби ортада тиімді қарым-қатынас орната алатын, эмоционалды тұрғыдан тұрақты және өзін-өзі дамытып отыратын жас мамандарды қалыптастыру.
Қорытынды:
Эмоционалды интелект — кәсіби табыстың, тиімді қарым-қатынастың және психологиялық тұрақтылықтың басты кілті. Тренинг барысында жас мамандар өз эмоцияларын тану мен басқару, әріптестерімен сенімді және салауатты қарым-қатынас орнату, күйзеліс жағдайында тиімді шешім қабылдау дағдыларын меңгереді.
Эмоционалды интелекті жоғары маман – тек кәсіби шебер ғана емес, сонымен қатар ұжымдағы жағымды психологиялық ахуалды қалыптастыратын тұлға.
Ұсыныс:
1. Жеке өзін-өзі дамыту жоспарында эмоционалды интеллектіні арттыруға бағытталған мақсаттарды енгізу;
2. Стресті басқару және эмоционалды демалу әдістерін (медитация, тимбилдинг, шығармашылық жаттығулар) жүйелі қолдану;





7. **7.«Мен өзімнің күшті және әлсіз жақтарымды білемін» тақырыбында 8 «Д» сынып оқушыларына тренинг жүргізілді.**
Мақсаты – қатысушылардың өздерінің күшті және әлсіз жақтарын танып, оларды тиімді пайдалану және дамыту дағдыларын қалыптастыру.
Тренинг барысында оқушылардың көңіл-күйлерін сұрап, тренинг сағаттың мақсаты мен ережелерін таныстырып өтті.

«Сәлемдесу шеңбері», «Эмоционалды сөздік» жаттығу, «Мен ашуланған кезде..» жаттығуы, «Ғажайып-кактус» жаттығуы
жаттығулары жасалынып, оқушыларға көтеріңкі көңіл-күй мен жақсы атмостфера орнатылды.
«Тыныс алуды тазарту» сенсорлық бөлмесіндегі релаксация жаттығуы жүргізілді.
Тренинг соңында оқушылар кері байланыс жасалып, өздерінің алған әсерлерімен бөлісті.
Ұсыныс: сынып жетекшісі мен пән мұғалімдеріне оқушылардың көңіл-күйлерін және сыныптағы бір-бірлеріне деген қарым-қатынастарын бақылау.





8.«Күйзелістен қалай арылуға болады» тақырыбы бойынша 10 «Г» сынып оқушыларына арналған сынып сағаты/тренинг өткізілді.
Күні: 24.10.2025ж
Мақсаты – Оқушыларды күйзеліске қарсы тұра алуға қалыптастыру
Тренинг барысында оқушылардың көңіл-күйлерін сұрап, тренинг сағаттың мақсаты мен ережелерін таныстырып өтті.
Күйзелістен арылу :

Не нәрсеге болса да қарапайым көзбен, салқын қандылықпен қарау! Бар жан-тәніңізбен күліңіз және сіздің осы өмірге келгеніңізге, сіздің ба екендігіңізге, кім болғаныңызға, өміріңізде бар нәрсеге Ғаламның қатысы бар екендігіне ризашылығыңызды білдіріңіз. Жарық дүниеден алғысыңызды аямаңыз!
«Күлімдеу» жаттығуы, «Мұңымды шығарып тастаймын» жаттығуы,«Проблемаларды қиып тастаймын» жаттығуы,«Өзімді және Сәттілік-ханымды бейнелеймін» жаттығулары жасалынып, оқушыларға көтеріңкі көңіл-күй мен жақсы атмосфера орнатылды.
«Тыныс алуды тазарту» сенсорлық бөлмесіндегі релаксация жаттығуы жүргізілді.

Қорытынды: «Күйзелістен қалай арылуға болады» атты тренинг барысында оқушылар күйзелістің (стрестің) себептері мен белгілерін анықтап, оны жеңудің тиімді жолдарын үйренді. Тренинг арқылы қатысушылар өз эмоцияларын бақылау, жағымсыз ойлардан арылу және өмірге оң көзқараспен қарау дағдыларын дамытты.

Оқушылар топтық ойындар мен талқылаулар арқылы бір-бірін қолдаудың, өз сезімін ашық айту мен түсінудің маңызын түсінді. Сонымен қатар, тыныс алу жаттығулары, позитивті ойлау және уақытты дұрыс жоспарлау сияқты әдістердің күйзелісті азайтуға көмектесетініне көз жеткізді. Тренингтің нәтижесінде қатысушылар күнделікті өмірде күйзеліс жағдайларын тиімді басқаруға, өзін-өзі сабырлы ұстауға және психологиялық денсаулығын сақтауға бағытталған маңызды тәжірибе алды.Тренинг соңында оқушылар кері байланыс жасалып, өздерінің алған әсерлерімен бөлісті

Ұсыныс:
1. Күйзеліс жағдайында тыныс алу, серуендеу, музыка тыңдау, спортпен айналысу сияқты жеңіл тәсілдерді қолдану;
2.Өзін және өз сезімдерін ашық білдіруге, көмек сұрауға ұялмауға;





9. Ы.Алтынсарин «Ой, сезім, мінез-құлық»
«Ой – сезім – мінез-құлық» тренингі – 4 «Г» сынып оқушыларына арналған сынып сағаты/тренинг
Күні: 2025ж
Сыныбы: 4 Г сынып оқушылары
Психологиялық сынып сағатының түрі: тренинг
Тренинг барысы:
Тренинг барысында оқушылардың көңіл-күйлерін сұрап, тренинг сағаттың мақсаты мен ережелерін таныстырып өтті.
Тренингтің негізгі мақсаты – балаларға өз ойларының сезімдеріне, ал сезімдерінің мінез-құлқына тікелей әсер ететінін қарапайым әрі түсінікті түрде ұғындыру.

«Ой – сезім – мінез-құлық» тренингі – оқушыларға өз ойларының сезімдеріне және әрекеттеріне қалай әсер ететінін түсінуге көмектесетін дамытушы сабақ. Тренинг барысында балалар әртүрлі жағдаяттар арқылы өз ойларын байқауды,

сезімдерін тануды және дұрыс мінез-құлық таңдауды үйренеді. Сабақ ойын, әңгіме, жаттығулар түрінде өтеді және оқушылардың бір-бірін түсінуіне, өз сезімдерін басқаруына, жағымды қарым-қатынас жасауына бағытталған.

Тренинг барысында оқушылар әртүрлі өмірлік жағдаяттар мен ойын тапсырмалары арқылы өз ойларын байқауға, жағымды және жағымсыз сезімдерді ажырата білуге, эмоцияларын дұрыс жеткізуге үйренеді. Сонымен қатар, балалар өз әрекеттерін бағалауды, қиын жағдайларда дұрыс шешім қабылдауды және жауапкершілікпен әрекет етуді меңгерді.

Тренинг ойын, топтық жұмыс, сұрақ-жауап, сурет салу, рөлдік ойындар және сергіту жаттығулары арқылы жүргізілді. Бұл әдістер оқушылардың қызығушылығын арттырып, белсенді қатысуына мүмкіндік берді. Сабақ барысында достық қарым-қатынас, бірін-бірі тыңдау, өзгенің сезімін құрметтеу сияқты адамгершілік құндылықтар қалыптастырылды.

10. «Менің құқықтарым» тақырыбы бойынша 3 оқушыларына арналған сынып сағаты/тренинг

Тақырыбы: Жасөспірімдер арасында ұйымдастырылған «Менің құқығым бар» интеллектуалды ойыны
Мақсаты: Білім алушыларға бала құқықтары туралы түсінік беру, өз құқықтарын білуге және оны құрметтеуге үйрету, құқықтық сауаттылығын арттыру, өз пікірін еркін жеткізе білу дағдыларын дамыту.

19 қараша күні оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру мақсатында «Менің құқығым бар» атты интеллектуалды ойын ұйымдастырылды.
Шара барасында құқық туралы жалпы түсінік беріліп, екі топ білім сайыстырылды. Сонымен қатар оқырмандар назарына «Бала құқығы – асыл қазына» атты көрмесі ұсынылды. Сабақ барысында оқушыларға «Бала құқықтары туралы Конвенция» негізінде негізгі құқықтар таныстырылды. Тренингтік жаттығулар, топтық жұмыстар, пікірталас және жағдаяттық тапсырмалар ұйымдастырылды. Оқушылар өз құқықтары мен міндеттері туралы ой бөлісіп, түрлі өмірлік жағдайларды талқылады. Сабақ барысында білім алушылар белсенділік танытып, өз пікірлерін ашық айтты. Қатысушылар құқық пен міндеттің өзара байланысын түсініп, құқықтарын қорғау жолдары туралы ақпарат алды.**Қорытынды:** Сабақ мақсатына жетті. Оқушылардың құқықтық түсінігі кеңейіп, өз құқықтарына деген жауапкершілік көзқарасы қалыптасты.





11. «Буллинг. Оны қалай тоқтатуға болады?» онлайын жадынамалар.



№	Мектеп атауы	Әлеуметтік желілердегі сілтемелер
